

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016»** атты  
XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»**

---

PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір  
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2016»  
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2016»**

**2016 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**Ғ 96**

**Ғ96** «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – .... б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-764-4**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**ISBN 978-9965-31-764-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2016

## ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ТЕРМИНДІК ТАБИҒАТЫ

**Құттыбай Үміт Мархабайқызы**

umit-angel-96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті

мамандығының студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Б.Мамаева

Күрделі сөздер құрылымы жағынан да, жасалуы жағынан да, сөз таптарына телінуі жағынан да алуан түрлі болып келеді. Күрделі сөздер: күрделі біріккен сөздер, күрделі кіріккен сөздер, күрделі қос сөздер, күрделі қысқарған сөздер және тіркескен болып бөлінеді.

Күрделі сөздердің бір түрі – қос сөздер. Қазақ тілін зерттеуші мамандар қос сөздерді қайталама қос сөздер және қосарлама қос сөздер деп, екі үлкен топқа бөліп қарайды. Қайталама қос сөздер белгілі бір сөздер екі рет қайталануы немесе сол сөздің бір дыбысының өзгеріп қайталануы арқылы жасалады. Мысалы, тау-тау, үй-үйге, шай- пай т.б.

Ал қосарлама қос сөздер әр басқа екі сөздің қосарлануынан жасалады. Мысалы, әкешеше, дәм-тұз, тау-тас т.б.

Түркі тектес халықтарда көп қолданылған, олардың сөздік қорындағы сөздік тұлғалардың бірі–қос сөздер. А.Байтұрсынұлы өзінің еңбегінде қос сөздерге былай анықтама береді: “Қос сөз дегеніміз – қосарынан айтылатын бір өңкей есімді сөздер. Қос сөз екі түрлі болады, біреуі нәрсенің көбін атайды, екіншілері айыра атайды. Алдыңғысы жалпылағыш қос сөз деп, соңғысы жалқылағыш қос сөз деп айтылады”.

А.Байтұрсынұлы жалпылағыш қос сөздерге: аяқ-табақ, төсек-орын, ер-тұрман, киім-кешек, бақа-шаян сияқтыларды жатқызса, жалқылағыш қос сөздерге: жел-бау, жүк-аяқ, ер-батыр, есен-аман, өмір-қопса, шекті-бай, төсек-ағаш т.б. жатқызады [1:45].

Қазақ тіл білімінде күрделі сөздерге алғаш талдау жасағандардың бірі – профессор Қ. Жұбанов. Ол қос сөздерді «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулерінің» «сөз тұлғалары» деген тарауында «қосар сөздер» деген терминмен берген.

А.Байтұрсынұлы қос сөздерді жалпы екіге бөліп қарастырса, белгілі тіл маманы Н.Сауранбаев қазақ тіліндегі қос сөздерді бес топқа бөліп көрсетеді. Олар:

Мәндес қос сөздер (қыз-келіншек).

Қайшы мәндес қос сөздер (үлкен-кіші, ыстық-суық).

Сыңар мәндес қос сөздер (алай-дүлей, кәрі-құртан).

Қайталама қос сөздер (тау-тау, бес-бестен).

Қоспа буынды қос сөздер (ап-ауыр, ұп-ұзын, тәп-тәтті) [2:64].

Ә.Қайдар Н.Сауранбаевтың қос сөздерді беске бөліп жіктегенін қостай келе, қос сөздердің осы бес түрі барлық сөз таптарына да ортақ екенін, бірақ қос сөздердің қай-қайсысы да кемінде екі сөзден құралатындығын, оның әрбір сыңарының кейде толық мағыналы, кейде мағынасы жоқ сөз болатыны белгілі дейді. Ол зерттеушілердің қос сөздерді екі сөзден құралатындығын, қос сөздерді сөз тіркесі түрлеріне жатқызатындығын да айтып өтеді. Ә.Қайдар кейбір басқа еңбектерде қос сөздерді сөз тіркесі дегенмен, олардың сөз тіркесінен төмендегідей айырмашылығы барлығын көрсетеді.

Бір сыңары өздігінен мағына бере алмайтын қос сөздер сөз тіркесіне жатпайды. Қос сөздердің екі сыңары да мағыналы болғанымен, бір сөздің орнына қолданылады. Қос сөздердің әрбір сыңары басқа тілге калька бойынша аударылмай, тек мағынасы жағынан аударылады. Қос сөздердің сыңарының мағыналық жағынан жақындастығы соншалық, оларды бірыңғай мүшелер сияқты айтуда арасына кідіріс жасап айтуға болмайтындығын Ә.Қайдар өзінің еңбегінде айтып өтеді [3:12].

Жасалу тәсілі жағынан алғанда, қос сөздер жалаң және күрделі түрлерге бөлінеді. Қос сөздердің жалаң түрі–дефис арқылы жазылатын қос сөздер. Профессор А.Ысқақов осы жалаң

қос сөздердің негізгі екі түріне: қайталама қос сөздер, қосарлама қос сөздер деген атау береді. А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» атты еңбегінде қос сөздердің түрлеріне тоқтала келіп, қайталама қос сөздің үстеме буын түрінде қалыптасқан түрі – негізінен алғанда, сын есімдерге тән форма. Бұл үстеме буын сын есімге күшейту мағынасын жамайтын форма түрінде қалыптасқан, өйткені бұл форма тек негізгі сынға я ұлғайту, я солғындату реңкін жамайды», – деп, үстеме буынның табиғатын әбден дұрыс айқындаған. Ол бір сыңары ықшамдалып қайталанатын сөздерді, мысалы: жап-жақсы, қып-қызыл, кіп-кішкене, сап-сары, теп-тегіс сияқтыларды үстеме буынды немесе күшейтпе буынды сөздер деп К.Ахановтың пікіріне қарсы келеді. А.Ысқақов бұл сөздерді үстеме буындары әрі ықшамдалып, әрі соңына «п» дыбысы жамалып, бір тұйық я бітеу буынға айналуынан пайда болған дейді [4:110].

К.Аханов өз еңбегінде қып-қызыл, қап-қара тәрізділердің сын есімнен басқа сөз таптарынан жасалған қос сөздердің түрлерінде мүлдем ұшыраспайтынын, оның тек сын есімдерге ғана тән екендігін және бірден-бір негізгі қызметі сын есімнің шырай формасын тудыру тәсілдерінің қатарында емес, форма тудыру, соның ішінде сын есімнің шырай формасын тудыру тәсілі деп қараған жөн дейді. Демек, қып-қызыл, қап-қара тәрізділер қос сөздердің қатарында емес, сын есімнің шырай формаларының мағына мен қызметі жағынан тым қызыл, өте қызыл, тым қара, тіпті қара тәрізді сын есімдердің күшейткіш шырай формаларымен сәйкес келуі дәлелдей түседі, ал тым қызыл, өте қызыл, тым қара, тіпті қара тәрізділерді күрделі сөздер деп қарамайтынымыз белгілі (бұлар торы ала, қара торы тәрізді күрделі сөздерден мүлдем басқаша) дейді. Ол тілдегі құбылыстарды бір-бірінен ажыратуда, әдетте, негізгі үш түрлі өлшемді таяныш етеді: оның бірі–мазмұны екіншісі–форма, үшіншісі – қызметі. Ал жартылай редупликация арқылы жасалған қып-қызыл, қап-қара тәрізділер формасы жағынан ғана қос сөздерге ұқсайды, ал мазмұны мен қызметі жағынан өте қызыл, тым қара тәрізді сын есімдердің күшейтпелі шырай формасымен сәйкес келеді деп қорытындылайды [5:97-98].

Қос сөздердің күрделі түрі үтір арқылы жазылады және екі сөзден ғана емес, одан да көп сөзден, тіпті екі сөйлемнен де жасалады. Бұл жайтты анықтаған І.Кеңесбаев былай дейді: «жалаң қос сөздерге қарағанда, күрделі қос сөздер, көбінесе, метафоралық мағынада айтылады. Бұл есептен олар «идиомдық» немесе «фразалық» қос сөздер бола алады. Мысалы, «ұзын-арқан, кең тұсау», «үлде мен бүлдеге оранып», «айрандай аттап, күбедей пісіп», «бір сырлы, сегіз қырлы», «алалы жылқы, ақтылы қой», «әулиеге айтып, қорасанға қой айтып». Қос сөздер деп атау үшін сызықшамен жазылу шарт емес, яғни тілімізде бір-бірінен айтылуға келмейтін тиянақты сөздерді қос сөздер деп тануға болады» [6:93].

Тарихи шығу төркінін, қалыптасу заңдарын топшылағанда, қос сөздер мынадай екі түрлі жолмен дами келіп, үлкен бір арнаға сыйған. Қайталама қос сөздер айтылатын ойға әр түрлі экспрессиялық, эмоциялық және басқа қосымша мән беру мақсатымен әуелде бір сөзді екі рет қайталап қолдану машығынан пайда болған.

Қазақ тіл білімін зерттеуші І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаев «Қазіргі қазақ тілі» атты еңбектерінде: «Қалыптанған тиянақты фразеологиялық топқа жататын сөздердің бір саласы қос сөздер болады» десе, ал профессор А.Ысқақов: «...сөзді қайталап қолданудан...лексикалық түсінігі өзгермейді, демек, жаңа сөз тумайды, тек грамматикаланады»,–дейді. Профессор К.Аханов «Грамматика теориясының негіздері» деген еңбегінде қос сөздердің үстеме буынды түрлерінен басқаларын күрделі сөз деп қарайды.

Жоғарыда айтылған ғылыми пікірлерді назарға ала отырып, қос сөздердің әр салада, шығармада қолданылу орны бар екеніне көз жеткіздік. Тақырыпқа сәйкес ізденіс барысында әдебиет және лингвистика сөздігіндегі қос сөздерге төмендегідей статистикалық талдау жасадық:

**А әріпі бойынша:** 23 0.6% (адресат-дублер, айшық –ая, аңыз -ертегі)

**Ә әріпі бойынша:** 8 0.013% (әзіл –оспақ, әдеби-публицистикалық, әлеуметтік-психологиялық)

|                             |               |                                                                                 |
|-----------------------------|---------------|---------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Б әріпі бойынша:</b> 4   | 0.028%        | (бағалау-сипаттаушы, болжаушы-мекенді, бөлуші-шектеуші, буын-сөзді)             |
| <b>Г әріпі бойынша:</b> 3   | 0.021%        | (газеттік-ақпараттық, газеттік-саяси стиль, генератив-синтетикалық әдіс)        |
| <b>Ғ әріпі бойынша:</b> 4   | 0.028%        | (ғылыми-көпшілік, ғұрыптық-фольклорлық, ғылыми-фантастикалық)                   |
| <b>Д әріпі бойынша:</b> 3   | 0.021%        | (дыбыс-әріптік, діни-ағартушылық, діни-уағыз)                                   |
| <b>Е әріпі бойынша:</b> 10  | 0.071%        | (ерін-ерін)                                                                     |
| <b>Ж әріпі бойынша:</b> 14  | 0.1%          | (жағдаяттық-мәндік, жолма-жол, жақсыз-жақты)                                    |
| <b>З әріпі бойынша:</b> 2   | 0.018%        | (заттық-жақты, заттық-таксономиялық)                                            |
| <b>И әріпі бойынша:</b> 2   | 0.018%        | (интонациялық-синтаксистік, интрига-шытырман)                                   |
| <b>К әріпі бойынша:</b> 6   | 0.009%        | (көрнекі-үлгілік, квантативті-типологиялық)                                     |
| <b>Қ әріпі бойынша:</b> 10  | 0.071%        | (қарама-қарсылық)                                                               |
| <b>Л әріпі бойынша:</b> 4   | 0.028%        | (лексика-грамматикалық категория, лексика-семантикалық деңгей)                  |
| <b>М әріпі бойынша:</b> 5   | 0.030%        | (мәдени-тарихи мектеп, мойын-шор)                                               |
| <b>Н әріпі бойынша:</b> 3   | 0.25%         | (нақты-үдерістік, натуралды-жасанды, нақтылаушы-анықтауыш)                      |
| <b>О әріпі бойынша:</b> 6   | 0.035%        | (ойлау –сөйлеу, оқшау –жақты сөйлеу, ортақ –сөздік етістіктер)                  |
| <b>П әріпі бойынша:</b> 2   | 0.018%        | (пиджин –инглиги, пиджин -тілдер)                                               |
| <b>Р әріпі бойынша:</b> 1   | 0.007%        | (рухани –тарихи мектеп,)                                                        |
| <b>С әріпі бойынша:</b> 19  | 0.13%         | (салыстырмалы –генетикалық әдіс, себеп –салдар үстеуі)                          |
| <b>Т әріпі бойынша:</b> 18  | 0.12%         | (табиғи –тарихи бағыт, термин –аналог, термин -балама)                          |
| <b>У әріпі бойынша:</b> 1   | 0.001%        | (угор –фин тілдері)                                                             |
| <b>Ұ әріпі бойынша:</b> 2   | 0.018%        | (ұғымдық –терминологиялық жүйе, ұлттық –көркемдік элемент)                      |
| <b>Ф әріпі бойынша:</b> 3   | 0.021%        | (формалды –грамматикалық құрылым, формалды –мағыналық қатынастар, фраза -клише) |
| <b>Х әріпі бойынша:</b> 2   | 0.018%        | (хабарлы –каузатив септік, хамит –семит тілдері)                                |
| <b>Ш әріпі бойынша:</b> 2   | 0.018%        | (шартты –болжамды рай, шіркеулік –діни жұмсалымды стиль)                        |
| <b>Ы әріпі бойынша:</b> 3   | 0.021%        | (ықтимал –статикалық үлгі, ырғақты –интонациялық, ырғақты -фонетикалық)         |
| <b>І әріпі бойынша:</b> 4   | 0.028%        | (іс –әрекет қисыны, ішкі –семантикалық құрылым)                                 |
| <b>Э әріпі бойынша:</b> 6   | 0.42%         | (экспрессивті –стилистикалық бейімдеу, экспрессивті –стилистикалық бейімдеу)    |
| <b>Ю әріпі бойынша:</b> 1   | 0.001%        | (юссив -когортатив)                                                             |
| <b>Барлығы 175 қос сөз.</b> | <b>1,25 %</b> |                                                                                 |

Қорыта келгенде, 14 000-ға жуық сөз қамтылған сөздіктегі қос сөздердің саны 175. Бұл, әрине, аз көрсеткіш, алайда салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, қос сөздер кездесу жиілігі бойынша тіркесті сөздерден кейінгі орында.

Қос сөздер–түркі тілдерінің бәрінде бар тілдік құбылыс. Қос сөздер ең көне Орхон жазба ескерткіштерінің тілінде де кездеседі. Содан бері қарай қос сөздер түркі тілдерінің бәрінің сөздік қорынан мол орын алып, тілде жиі қолданылатын лексикалық бірліктер қатарында келе жатыр. Қос сөздер мәселесі ғылымда әбден танылған, тілдік құбылыс.

#### Пайдаланылған әдебиеттер :

1. А Байтұрсынұлы. «Тіл тағлымы». – Алматы, «Ана тілі» 1992 ж.

2. Н Сауранбаев. «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі». – Алматы, «Мектеп» 1948 ж.
3. Ә. Қайдаров. «Парные слова в современном уйгурском языке». –Алматы, 1956 ж.
4. А Ысқақов. «Қазіргі қазақ тілі». – Алматы, «Ана тілі» 1991 ж.
5. К. Аханов. «Грамматика теориясының негіздері», – Алматы, «Мектеп» 1972 ж.
6. І. Кенесбаев. «Қазақ тіліндегі фразалық қос сөздер», – Алматы, 1950 ж.
7. Әдебиет және лингвистика терминологиялық сөздік. –Алматы: ҚАЗАқпарат, 2014, 14 мың сөз.

ӘОЖ 84'42

## **БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ ТЕҢЕУ МЕН ЭПИТЕТТІҢ ҚОЛДАНЫСЫ**

**Мамбеталиева Шарапат Бакытқызы**

sharapat\_karakat@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті  
мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Бейсенбай А.Б.

Қазақтың батырлық жырларының зерттелу тарихына мән беріп, мұқият қарағанымызда көптеген ғалымдардың назар аударған мәселелері жырдағы сөз көркемдігі екен. Соның бір саласын эпикалық шығармадағы эпитеттер құрайды. Батырлық жырларға қатысты сөз қозғаған А. Байтұрсынов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов еңбектерінде эпитетке қатысты пікірлер айтылған. Батырлық жырларға кеңірек орын берілген «Қазақ әдебиеті тарихы» және белгілі ғалымдар Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Т. Сыдықов, Е.Ысмайылов, Ә. Қоңыратбаев т.б. зерттеулерінде эпитеттер мен теңеулерге байланысты тұжырымдар орын алған. [1, 30 ]. Алайда батырлық жырлардағы тіл өрнегі тереңірек үңілген поэтикаға қатысты зерттеулер екендігіне талас жоқ. Бұны белгілі «Қобыланды батыр» жырының поэтикасы жөніндегі О.А.Нұрмағанбетованың және «Батырлық жырлардың поэтикасын» терендей зерттеген Ш. Ыбыраевтың еңбектері дәлелдейді. Қазақ әдебиетіне қатысты теориялық және жекелеген шығармаларды талдауларда эпитетке қатысты тұжырымдар қалыптасқанын, соның нәтижесінде рухани мұраларымыздың көркемдік ерекшеліктерін саралауда эпитетке байланысты айтылған ұсыныстар мен толғамдар турасында да сөз қозғауды жөн көрдік.

Осы тұрғыдан алғанымызда шығарманың көрнекі тілі жөнінде терең түсінік қалыптастырып, оның түрлі әдістерін нақтылай көрсеткен алғаш еңбектің негізі А.Байтұрсыновтан басталады дегенге тоқталдық. А.Байтұрсынов айтқан тұжырымды «Әдебиет теориясы» атты еңбегінде белгілі ғалым Қ.Жұмалиев те анықтай түскен: «Тұрақты эпитет деп көпшілігіне сол нәрсеге тұрақталып, бекілген эпитеттерді айтады. Мысалы: «Қызыл ту», «қызыл әскер», «шұбар түс» т.б.» [ 2, 93 ]. Сонымен қатар, әдебиет теориясына арналған еңбекте, эпитет болатын сөз көбіне сын есім, кейде зат есімдер мен есімше, көсемше етістіктер арқылы затты анықтайтын сөздер болатындығы түсіндіріледі. Тұрақты эпитеттермен қатар, қазақ поэзиясында күрделі эпитеттер қолданылатындығын анықтай түсіп, оның жасалу жолдарын Қ.Жұмалиев өзі көбірек назар аударған Абайдың өлеңдерінен мысалдар келтіріп дәлелдеген. Ғылымдағы тың тұжырымдардың байыпты бағалануы және дәйекті дәлелденуінің бір негізі эпитеттерге байланысты болып келетіні, көркем дүниелерімізден соны танудың жолдарын түсіндіретін ізденістер барлығына көз жеткізе түстік. Соның енді бірі – академик З. Ахметовтің еңбегі. Ғалымның жалпы рухани мұрамыздың сөз кестесі мен тіл өрнегіне қатысты байыпты пікірлері ғылымда қуатталып, көркем шығармалардың поэтикалық тілдік ерекшеліктеріне қатысты тексерулерде орынды аталып жүр. [3, 25 ].